



# МАРКСИСТІК САЯСИ ИДЕЯЛАР

РАМАЗАНОВА АСЕМГУЛЬ

ОЗ-2-001

# ЖОСПАР:

1. Кіріспе
2. Карл Маркс философия мен саяси экономия саласында екі жаңалық жасады.
3. Бірінші жаңалығы
4. Екінші жаңалығы
5. Маркс пен Энгельстің ізбасары В. И. Лешш
6. Маркстің көзқарасы
7. Ленин саясаты
8. Қорытынды

## КІРІСПЕ

- Марксистік саяси идеялар XIX ғасырдың бірінші жартысында капиталистік өндіріс әдісінің қарқынды дамуы, буржуазиялық қоғамның тап қайшылықтарының шиеленісуі, пролетариаттың тез өсуі және оның тарихи күрес майданына шығуы марксизм теориясын тудырды.



Карл Маркс  
**КАПИТАЛ**

Дар Мнр



- Карл Маркс философия мен саяси экономика саласында екі жаңалық жасады.

# БІРІНШІ ЖАҢАЛЫҒЫ

- Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың бірлігі болып табылатын материалдық тұрмыстық өндіріс әдісі қоғамдағы әлеуметтік саяси және рухани процестерді туғызатындығын дәлелдеді. Капиталистік құрылыстың өндіргіш күштері үздіксіз дами отырып, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікке негізделген буржуазиялық өндірістік қатынастармен сөзсіз қайшылыққа келеді. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар арасындағы терендеп келе жатқан антогонизмді тек пролетарлық революция ғана шеше алады, ол жұмысшы табының өкіметін орнатуға жеткізеді және қоғамды социалистік жолмен қайта құру үшін жол ашып береді деді.

# ЕКІНШІ ЖАҢАЛЫҒЫ

- Капиталистік қанаудың сырын әшкерелеген қосымша құң туралы ілім болды. Маркс пен Энгельс капитализмнің орнына социализм келеді, ол міндетті орындайтын қоғамдық күш — жұмысшы табы деп үйретті. Себебі, пролетариат — буржуазиялық қоғамның ең революцияшыл, ең ұйымдасқан, ең саналы және интернационалдық табы. Маркс пен Энгельс тап күресі, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді жасады. Олар пролетариаттың өзінің меншікті саяси партиясы — коммунистер партиясы болуға тиіс, ол жұмысшы қозғалысына басшылық жасауға тиіс деген қағиданы негіздеді.

# МАРКС ПЕН ЭНГЕЛЬСТІҢ ІЗБАСАРЫ В. И. ЛЕШШ

- Маркс пен Энгельстің ізбасары В. И. Лешш болды. Ол капитализм дамуының империалистік сатысының заңдылықтарын зерттеді. Жаңа тұрпатты партия туралы ілімді жасады және осындай партияның ұйымдастырушысы болды. Ленин Маркс пен Энгельс жасаған социалистік революция теориясын дамыпты. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуын негіздеді. Социализмнің алдымен бірнеше елде немесе тіпті жеке бір капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы тұжырымдама жасады





# КӨЗҚАРАСЫ

- Марксизм қоғам дамуына материалистік көзқарасты, нақты-тарихи жағдайды негізге ала отырып, өзінің таптар теориясын жасады. В.И.Ленин К.Маркс пен Ф.Энгельстің еңбектеріне сүйене отырып, өзінің «Ұлы бастама» деген еңбегінде қоғамдық таптарға: «белгілі біртарихи қоғамдық өндіріс жүйесіндегі орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарына қатынасына қарай, еңбекті қоғамдық ұйымдастырудағы роліне қарай, өздеріндегі қоғамдық байлықтан тиісті үлесті алу әдісі мен мөлшері бойынша бөлінетін адамдардың үлкен тобын таптар деп атайды.

# ЛЕНИН САЯСАТЫ

- Ленин – марксизмнің негізгі идеяларын бұрмалады. Негізі, социализм деген – демократияның бір синонимі. Социализм негізі – социум, яғни әлеумет, қоғам, демек, адам. Социум немесе әлеумет – қандайда бір мәнде қарым-қатынастағы адамдардың өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым. Алайда Ленин билік басына келгеннен кейін негізінен өз диктатурасын ұйымдастырды, халықты билеуші, тонаушы, көзін құртушы билік орнатты. Оның осындай саясаты әсіресе өзге республикаларға, оның ішінде Қазақстанға да өте ауыр тиді. Жаппай орыстандыру саясаты жүргізілді.



- Тап күресі кезінде жұмысшылардың, ауыл шаруашылығы өкілдерінің капиталистерге қарсы қойылуы Маркс ілімінің бір нәтижесі.

Капиталистердің жұмысшылар еңбегін қанап отырғандығы шындық.

Алайда тап күресі идеясы Кеңес Одағында іске асырылу тәжірибесінде өте сәтсіз болды. Ресейдегі буржуазия өкілдері жойылды. Бір бөлігі атылды, екінші бөлігі түрмеге түсті, үшіншілері шетелге қашты.

Нәтижесінде байлар қалған жоқ, ел кедей мемлекетке айналды. Дегенмен Кеңес Одағының кезіндегі кейбір жетістіктерді жоққа шығаруға да болмайды. Мысалы, өнеркәсіп саласы алға басты, білім беру және денсаулық сақтау ісінде бірқатар мәселелер өз шешімін тапты.

# ҚОРЫТЫНДЫ

- Кеңес елі экономиканы дамыту ісін өз ішінде жабық түрде жүргізгендіктен, әлемдік бәсекелестікке дайын болмады. КСРО Азия, Еуропа, АҚШ елдерінен дамуы жағынан көптеген жылдарға артта қалды. Жалпы, Кеңес Одағында не саяси, не экономикалық, не шығармашылық бәсекелестік болған жоқ.

# ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- <http://www.anyzadam.kz/jj/info/426/>
- <http://5fan.ru/wievjob.php?id=12314>

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

